

## Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.02.28. N 234 Заңымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.02.28. N 234 Заңымен.**

Ескерту. Тақырыбы және кіріспе жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 Заңымен (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз).

Осы Заң Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін айқындайды, бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасаудың принциптерін, негізгі сапалық сипаттамалары және жалпы ережелерін белгілейді.

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Осы Заңың қолданылу аясы**

1. Осы Заңың күші міндетті мемлекеттік тіркелуге жататын жеке кәсіпкерлерге (бұдан әрі - кәсіпкерлерге), Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген резидент еместердің филиалдары мен өкілдіктеріне (бұдан әрі - ұйымдарына) қолданылады.

2. Кәсіпкерлер мен ұйымдар осы Заңға, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізуге және қаржылық есеп беруді жасауға міндетті.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен.**

#### **2-бап. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке**

#### **алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .**

**2-1-бап. Қазақстан Республикасындағы халықаралық қаржылық есеп беру стандарттары**

Қаржылық есеп беруді жасауды ұйымдар Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттары жөніндегі комитеттен оларды ресми аударуға және (немесе) Қазақстан Республикасында жариялауға жазбаша рұқсаты бар ұйым мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялаған халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Осы баптың ережесі мемлекеттік мекемелерге қолданылмайды.

**Ескерту. Жаңа 2-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .**

**3-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін мемлекеттік реттеу**

1. Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеуді үәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - үәкілетті орган) жүзеге асырады .

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен басқа, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеудің ерекшеліктері мемлекеттік мекемелер үшін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар Кеңесі (Директорат) жүзеге асырады.

4. Қаржылық ұйымдардағы және Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компанияларындағы бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік жүйесін реттеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нормативтік құқықтық актілерді және оларға әдістемелік ұсынымдарды қабылдау арқылы, ал Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі үәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жүзеге асырады.

**5 . Уәкілетті орган :**

1) бухгалтерлік есепке алушың стандарттары мен оларға әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді, Қазақстан Республикасының халықаралық

қаржылық есеп беру стандарттарымен реттелмеген және оларға қайшы келмейтін бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін қабылдайды;

2) бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарлары мен оларға әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

3) өзге де мемлекеттік органдармен және бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіптік ұйымдарымен бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

3-1) қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын енгізу жөнінде бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді, ал қаржылық ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып жүргізеді;

4) бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру саласындағы өзге де функцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

## 6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

### 1) қаржылық ұйымдар үшін:

үәкілетті органның келісімімен халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарымен реттелмеген және оларға қайшы келмейтін мәселелер бойынша бухгалтерлік есепке алу стандарттарын, сондай-ақ оларға әдістемелік ұсынымдар әзірлейді және бекітеді;

осы Заңның талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

2) қызметін реттеу мен қадағалауды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктелген аффилиренген тұлғалар үшін осы Заңның талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

2-1) Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниялары үшін:

осы Заңның талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру және бухгалтерлік есеп стандарттары туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан

Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңдарының талаптарын және бухгалтерлік есепке алу стандарттарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.07.10. N 483 , 2004.06.11. N 562 , 2006.02.20. N 127 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**4-бап. Бухгалтерлік есепке алу стандарттары мен бухгалтерлік есепке алу шоттарының ұлғи жоспары**

1. Бухгалтерлік есепке алу стандарттары бухгалтерлік есепке алуды жүргізуудің және қаржылық есеп беруді жасаудың жалпы ережелері мен әдістерін белгілеуді.

2. Бухгалтерлік есепке алу шоттарының ұлғи жоспары бухгалтерлік есепке алудың синтетикалық шоттарының жүйеленген тізбесін білдіреді.

**5-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп берудің мақсаты**

Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп берудің мақсаты мұдделі тұлғаларды (бұдан әрі - пайдаланушылар) кәсіпкерлер мен ұйымдардың қаржылық жағдайы, қызметтінің нәтижелері мен қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Ескерту. 3, 4, 5-баптар жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .

**5-1-бап. Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп берудің принциптері мен негізгі сапалық сипаттамалары**

1. Бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасаудың принциптері есептеу және үздіксіздік болып табылады.

2. Қаржылық есеп берудің негізгі сапалық сипаты түсініктілік, орындылық, сенімділік және салыстырмалылық болып табылады.

Ескерту. Жаңа 5-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .

**2-тaraу. Бухгалтерлік есепке алу жүйесі, бухгалтерлік құжаттама және ішкі бақылау**

Ескерту. II тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .

## **6-бап. Бухгалтерлік есепке алу жүйесі**

1. Бухгалтерлік есепке алу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасымен, бухгалтерлік есепке алу стандарттарымен, сондай-ақ ұйымның есеп саясатымен регламенттелген кәсіпкерлер мен ұйымдардың операциялары мен оқиғалары туралы ақпарат жинау, тіркеу және қорыту жүйесін білдіреді.

2. Есеп саясаты ұйымның қажетіне және оның қызметінің ерекшеліктеріне орай, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасының талаптарына, бухгалтерлік есепке алу стандарттары мен бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарларына сәйкес бухгалтерлік есепке алушы жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасау үшін ұйым қабылдаған принциптерді, негіздерді, шарттарды, ережелер мен практиканы білдіреді.

### **3 . ( а лы п т а с т а л д ы )**

**4. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепке алу жүйесінде көрініс та б а д ы , б ұ л р е т т е :**

1) бухгалтерлік жазбаларды бастапқы құжаттардың түпнұсқаларымен бірдей етіп бекемдеуді және бухгалтерлік жазбаларда барлық операцияларын және оқиғалардың көрсетілуін;

2) операциялар мен оқиғаларды хронологиялық ретпен және уақтылы т і р к е у д і ;

3) әр айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша синтетикалық (жиынтық) есептердің талдамалы (егжей-тегжейлі) есептермен сәйкестендірілуін қамтамасыз етеді.

### **5 . ( а лы п т а с т а л д ы )**

### **6 . ( а лы п т а с т а л д ы )**

7. Операциялар мен оқиғалар синтетикалық шоттарда қосарлы жазба жүргізу әдісімен бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарына сәйкес көрсетіледі. Операциялар мен оқиғалардың талдамалық есебін жүргізу тәртібін кәсіпкер немесе заңды тұлғаныңлауазымды адамдары (бұдан әрі - басшылық) белгілейді, олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарына сәйкес ағымдағы басшылық пен іс жүргізуін кәсіпкер мен ұйымның қажетіне орай жүзеге асырады.

8. Кәсіпкерлер мен ұйымдар бухгалтерлік есепке алушы жүргізу мен қаржылық есеп беруді мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде жасауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .**

**6-1-бап. Бухгалтерлік құжаттама**

1. Бухгалтерлік құжаттама бастапқы құжаттарды, бухгалтерлік есепке алудың тіркелімдерін, қаржылық есеп беруді және есеп саясатын қамтиды.

2. Бухгалтерлік жазбалар бастапқы құжаттар негізінде жүргізілуге тиіс. Бастапқы құжаттар - операциялардың жасалуын немесе оқиғалар фактісін тіркейтін құжаттар. Электронды жеткізілген бастапқы құжаттың қағаз түрінде ресімделген бастапқы құжаттық күші болады.

3. Операциялар мен оқиғаларды ресімдеу үшін қолданылатын бастапқы құжаттарға арналған нысандарды немесе оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітеді.

4. Уәкілетті орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нысандарын немесе оларға қойылатын талаптарды бекітпеген, қағазға түсірілген және электронды жеткізушілердегі бастапқы құжаттарды кәсіпкерлер мен ұйымдар дербес әзірлейді және оларда мынадай деректемелер міндетті түрде қамтыйлауға тиіс:

1) құжаттың атауы (нысандар);  
2) жасалған күні, айы, жылы;

3) өзінің атынан құжат жасалған үйымның атауы немесе кәсіпкердің тегі және атты - жөні ;

4) операцияның немесе оқиғаның мазмұны;

5) операцияның немесе оқиғаның өлшем бірліктері (сандық және құндық көрсеткіштермен берілген);

6) операциялардың жасалуы (оқиғаның расталуы) және оны ресімдеудің дұрыстығы үшін жауапты адамдардың лауазымы, тегі, аты-жөні және қолы.

Операцияның немесе оқиғаның сипатына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына және есепке алу ақпаратын өндеу тәсіліне қарай бастапқы құжаттарға қосымша деректемелер енгізілуі мүмкін.

5. Бастапқы құжаттар операция жасалған немесе оқиға болған не олар тікелей аяқталған кезде жасалуға тиіс.

6. Есепке алуға қабылданған бастапқы құжаттарда қамтылған ақпарат нысандарын немесе оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітетін бухгалтерлік есепке алу тіркелімдерінде жинақталады және жүйелендіріледі.

Бухгалтерлік есепке алу тіркелімінің деректері топтастырылған түрде қаржылық есеп беруге көшіріледі.

7. Бухгалтерлік есепке алуудың бастапкы құжаттары мен тіркелімдері электронды жеткізушілерде жасалған кезде, ұйымдар мен кәсіпкерлер операциялардың басқа қатысушылары үшін, сондай-ақ осындай талап ету

құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген мемлекеттік органдардың талаптары бойынша мұндай құжаттардың қағазға түсірілген көшірмелерін дайындауға міндетті.

8. Кассалық және банктік бастапқы құжаттарға түзетулер енгізуге жол берілмейді. Қалған бастапқы құжаттарға түзетулер тиісті операцияларға қатысушылардың келісімімен ғана енгізілуі мүмкін, түзетулерді енгізген күн, ай, жыл көрсетіліп, құжатқа қол қойған тұлғалардың қолдарымен расталуға тиіс.

Ескеरту. Жаңа 6-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен.

## 7-бап. Бухгалтерлік есепке алуды үйімдастыру

## 1 . Б а с ш ы л ы қ :

- 1) есепке алу саясатын қалыптастырады;
  - 2) бухгалтерлік есепке алушың үйімдастырылуын қамтамасыз етеді.

Есепке алу саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасында және үйымның жарғысында (ережесінде) белгіленген тәртіппен бекітіледі.

2. Басшылық немесе кәсіпкер есепке алу жұмысының көлеміне қарай:

1) бас бухгалтер басқаратын құрылымдық бөлімше ретінде бухгалтерлік  
қызметті құрады;

2) штатқа бас бухгалтер лауазымын енгізеді;

3) бухгалтерлік есепке алу ісін жүргізуді шарттық негізде мамандандырылған бухгалтерлік ұйымға немесе маман бухгалтерге береді;

4) бухгалтерлік есепке алууды тікелей өзі жүргізе алады.

3. Бухгалтерлік есепке алууды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасауға үәкілдегі тұлғалар осы баптың 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасын, бухгалтерлік есепке алу стандарттары мен бухгалтерлік есепке алу шарттарының үлгі жоспарын сақтауға міндettі.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.06.24.  
N 329 (колданысқа енгізу мерзімін 2 баптан қараныз) Заңымен .

## **8-бап. Ішкі бақылау**

1. Ұйым Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасының, есепке алу саясатының сақталуын, активтердің сақталуы жөніндегі, бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасау кезінде ұрлық пен жаңсақтық жағдайларын болдырмау және анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операциялардың тиімді жүргізілуін қамтамасыз ету үшін ішкі бақылауды ұйымдастыруға құқылы.

2. Ішкі бақылауды үйимдастыруды басшылық қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік мекемелерден басқа ұйымдар ішкі бақылауды аудиторлық ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асыруға хақылы.

5. Мемлекеттік мекемелерді бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органдар жүргізеді.

**Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз), 2006.05.05. N 139 Заңдарымен.**

#### **9-бап. Бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығы**

1. Басшылық немесе кәсіпкер басшысы бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығы бар адамды айқындайды. Бұл орайда сол адамның атқаратын лауазымына, ақша сомасының мөлшеріне, іс-қимыл саласы мен операцияның мәніне қарай қол қою құқығының бағыныңқылық тәртібі белгіленуі мүмкін.

2. Электронды қолтаңбаны пайдаланушы кәсіпкерлер немесе ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалану құқығы мен электронды қолтаңбаға қол жеткізуге қатысты сақтық пен бақылаудың тиісті шараларын белгілеуге тиіс.

**Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .**

#### **10-бап. Бухгалтерлік ақпараттың құпиясы**

1. Бухгалтерлік есепке алудың бастапқы құжаттары мен тіркелімдерінің мазмұны коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат болып табылады, оған пұрсат басшылықтың немесе кәсіпкердің рұқсаты бар адамдарға ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына беріледі.

2. Аталған құжаттарға пұрсаты бар адамдар құжаттар иесінің келісімінсіз ондағы ақпаратты жария етпеуге міндетті және оны жеке мүддесіне пайдалануға құқығы жоқ. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа пұрсаты бар адамдар оны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте болады.

#### **11-бап. Бухгалтерлік құжаттаманы сақтау**

Кәсіпкерлер мен ұйымдар бухгалтерлік есепке алудың бастапқы құжаттарын, қағазға түсірілген және (немесе) электронды жүргізушилердегі бухгалтерлік есепке алудың тіркелімдерін, қаржылық есеп беруді, есеп саясатын, есепке алу деректерінің электрондық өндеу бағдарламасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кезең ішінде сақтауға міндетті.

**Ескерту. 10, 11-баптар жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .**

**3-тaraу. Қаржылық есеп берудің элементтерін бағалау мен есепке алу**

## **12-бап.<\*>**

Ескерту. III тараудың тақырыбы жаңа редакцияда, 12-бап алыш тасталды - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .

## **13-бап. Қаржылық есеп берудің элементтері**

1. Қаржылық жағдайды бағалауға байланысты қаржылық есеп беру элементтері активтер, міндеттемелер және өз капиталы болып табылады.

Активтер - өткен операциялар немесе оқиғалар нәтижесінде алынған мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен болашақта кірістер алу күтілетін құндық бағасы бар құқықтар .

Міндеттеме - өткен операциялар немесе оқиғалар нәтижесінде туындаған және жеке тұлғаның немесе үйымның пайдасына белгілі бір іс-әрекет жасауға: мүлік беруге, жұмыстар орындауға, ақша төлеуге және басқаларына, не өтелуі активтерді азайтуға әкеп соғатын белгілі бір іс-әрекеттен қалыс қалуға құндық бағасы бар міндеттеме .

Өз капиталы (таза активтер) - міндеттемелер шегерілген активтер.

2. Қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалауга тікелей байланысты қаржылық есеп беру элементтері кірістер мен шығыстар болып табылады .

Кірістер - есепті кезең ішінде активтерді көбейту немесе олардың құнын арттыру түрінде экономикалық пайданы ұлғайту не меншік иелерінің салымдарына байланысты емес өз капиталын көбейтуге әкеп соғатын міндеттемелерді азайту .

Шығыстар - есепті кезең ішінде активтерді немесе олардың құнын азайту түрінде экономикалық пайданы азайту не оны меншік иелерінің арасында бөлуге байланысты емес өз капиталын азайтуға әкеп соғатын міндеттемелерді көбейту.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24 . N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .

## **14-бап. Қаржылық есеп берудің элементтерін бағалау**

1. Қаржылық есеп берудің элементтерін бағалау - ақша сомасын анықтау, ол бойынша осы элементтер танылады және бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруде тіркеледі. Бағалауды қолдану әдістері мен тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасының талаптарына және бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес белгіленеді .

2. Қаржылық есеп беру элементтері бағаланады және олар бойынша есеп берулер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

3. Шетел валютасымен жасалған операциялар мен оқиғалар Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы

заңнамасында және бухгалтерлік есепке алу стандарттарында белгіленген тәртіппен, валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі.

**Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24 N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .**

### **15-бап. Қаржылық есеп беру элементтерін есепке алу**

Есепке алудың әдістері және қаржылық есеп беру элементтерін тану тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасының талаптарына және бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес белгіленеді.

**Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24 N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .**

### **4-тaraу. Қаржылық есеп беру**

#### **16-бап. Қаржылық есеп беру**

1. Қаржылық есеп беру ұйымның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат болып табылады.

2. Мемлекеттік мекемелердің есеп беруін қоспағанда, қаржылық есеп беру:

- 1) бухгалтерлік балансты;
  - 2) кірістер мен шығыстар туралы есепті;
  - 3) ақша қозғалысы туралы есепті;
  - 4) өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті;
- 5) есепке алу саясаты туралы ақпаратты және түсіндірме жазбаны қамтиды

Қаржылық есеп беру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасының талаптарына және бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес басқа да материалдармен толықтырылуы мүмкін.

Қаржылық есеп беруді жасаудың тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасының талаптарына және бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес белгіленеді.

3. Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есеп беруінің көлемін, нысандары мен тәртібін, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, уәкілетті орган айқындайды.

4. Акцизделетін өнімдерді (алкоголь және темекі өнімдерін бөлшек саудада өткізуі қоспағанда) өндірумен, ұқсатумен және өткізумен, сондай-ақ қызметтің акцизделетін түрлерімен айналысатын ұйымдардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын кәсіпкерлер мен ұйымдар Қазақстан Республикасының мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелерді орындаудын салықтық бақылауды

Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын ұйымдар қаржылық есеп беруді жүргізген кезде осы Заның 2-1-бабының ережелерін басшылыққа алуға құқылы.

5. Қаржылық есеп беруге үйімның басшылығы және бас бухгалтері (бұхгалтері) қол қояды.

Бухгалтерлік есепке алуды мамандандырылған бухгалтерлік ұйым немесе маман бухгалтер жүргізетін ұйымдардың қаржылық есеп беруіне ұйымның басшылығы, сондай-ақ мамандандырылған бухгалтерлік ұйымның басшылығы немесе маман бухгалтер қол қояды.

Ескеरту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен , 2001.12.24. N 276 Заңымен , бап жаңа редакцияда - 2002.06.24 . N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараныз) Заңымен .

16-1-бап. Шоғырландырылған қаржылық есеп беру

Еншілес ұйымдары бар ұйымдар, негізгі ұйымның қызметі бойынша қаржылық есеп беруден басқа, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына және бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есеп беруді жасауға және  
ұсынуша міндетті.

Ескеरту. Жаңа 16-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен.

17-бап. Есепті кезең

1. Жылдық қаржылық есеп беру үшін есептік кезең 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл болып табылады.

2. Жаңадан құрылған ұйым үшін бірінші есепті жыл оның мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен басталып, сол жылдың 31 желтоқсанымен аяқталады.

Ескеरту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11.  
N 154 Занымен .

## 18-бап. Қаржылық есеп беруді табыс ету

#### 1. Ұйымдар қаржылық есеп беруді:

- 1) құрылтай құжаттарына сәйкес меншік иелеріне;

2) Қазақстан Республикасының статистика органдарында тіркелген жері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика органдарына;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының құзыретіне сәйкес соларға табыс етеді.

2. Ұйымдар жылдық қаржылық есеп беруді есепті жылдан кейінгі жылдың 30

сәуірінен                    кешіктірмей                    табыс                    етеді.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзім шегінде меншік иесі қаржылық есеп беру мерзімін анықтауға, бірақ жылына бір реттен асырмай басқа мерзім                    белгілеуге                    халықаралы .

4. Шоғырландырылған қаржылық есеп беруді табыс ету осы баптың 1-3-тармақтарына                    сәйкес                    жүргізіледі.

Ескеरту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен .

## 5 тарау. Қорытынды ережелер

**19-бап. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік**

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .

2 0 - 6 а п .                    < \* >

**21-бап. <\*>**

Ескерту. 20,21-баптар алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2002.06.24. N 329 (қолданысқа енгізілу мерзімін 2 баптан қараңыз) Заңымен .

Осы Жарлық 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*